

**«БІЛІМ ЖӘНЕ ЖАҢА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ОРТАЛЫҒЫ»
ЖШС**



**ТОО «ЦЕНТР ОБРАЗОВАНИЯ И
НОВЫХ ИННОВАЦИОННЫХ
ТЕХНОЛОГИЙ»**

**«Мектепалды сыныптарда білім беру үдерісін ұйымдастырудың
заманауи тәсілдері: инновациялық оқыту технологиялары мен
әдістемелері»**

атты педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сағат саны: 80 ак.сағ.

Алматы 2025

1. Жалпы ережелер

«Мектепалды сыныптарда білім беру үдерісін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері: инновациялық оқыту технологиялары мен әдістемелері» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бағдарламаның мақсаты, міндеттері, жоспарланған оқу нәтижелері, курс құрылымы мен мазмұны, ұйымдастыру ерекшеліктері, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, тыңдаушылардың білімдері мен дағдыларын бақылау және бағалауды қамтиды.

Бағдарлама мектепалды сыныптар (топтар) педагогтерінің заманауи тәсілдер мен әдістемелерді қолдану бойынша кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға және жетілдіруге, білім беру үрдісін ұйымдастыруға, инновациялық педагогикалық және цифрлық технологияларды енгізуге, сондай-ақ барлық балалар үшін, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін қолжетімді және сапалы білім беру қызметтерін қамтамасыз ететін инклюзивті тәсілді іске асыруға бағытталған. Бағдарлама педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға, нормативтік-құқықтық актілердің өзекті талаптары мен Қазақстан Республикасының заманауи білім беру стандарттарына сәйкес білім беру қызметін тиімді жобалау және жүзеге асыру қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Осы педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын ескере отырып сәйкес әзірленді.

Бағдарламаның өзектілігі мектепалды білім беру сапасын арттыру және білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу, білім беру үдерісін цифрландыру және Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру тәсілін іске асыру жағдайында балаларды мектепте табысты оқуға дайындау қажеттілігімен айқындалады. Заманауи жағдайлар мектепалды сыныптар (топтар) педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктеріне, инновациялық технологиялар мен оқыту әдістерін пайдалану арқылы баланың жеке тұлға ретінде үйлесімді дамуын қамтамасыз ету қабілеттеріне жоғары талаптар қояды.

Бағдарлама заманауи педагогикалық практиканың қажеттіліктеріне жауап береді, өйткені балалардың сыни және шығармашылық ойлауын дамыту, танымдық белсенділігін қалыптастыру, коммуникативтік дағдыларын және әлеуметтік бейімделуін арттыру, сондай-ақ цифрлық және интерактивті білім беру құралдарын тиімді пайдалануға бағытталған өзекті міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Бағдарламада ерекше назар білім беру

қызметінде инклюзивті ортаны ұйымдастыру мәселелеріне аударылған, бұл білім беру дамуының заманауи үрдістеріне сәйкес келеді және мектепалды жастағы барлық балалардың сапалы білім беру қызметтеріне тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Мектепалды даярлықтың міндетті түрде енгізілуі: Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес, балаларды мектепке даярлау міндетті болып табылады, бұл мектепалды топтар педагогтерінің біліктілігін арттыруды және олардың білім беру үдерісін ұйымдастыруға жаңа тәсілдерді игеруін қажет етеді.

Білім беру үдерісінің белсенді цифрландырылуы: цифрлық технологиялар мен онлайн-ресурстардың кеңінен енгізілуі педагогтердің цифрлық құралдарды меңгеру деңгейіне жоғары талаптар қояды, бұл сәйкес құзыреттіліктерді дамытуды қажет етеді.

Инклюзивті білім беру: жалпы білім беретін ұйымдарда ерекше білім беруді қажет ететін балалар санының артуы педагогтерден заманауи оқыту, бейімдеу және әлеуметтік бейімдеу әдістерін меңгеруді талап етеді.

Заманауи педагогикалық тәсілдерге сұраныс: мектепалды білім беру сапасына ата-аналар мен қоғам тарапынан қойылатын талаптардың артуы педагогтердің инновациялық технологияларды, сыни ойлау әдістерін, жобалау және ойын іс-әрекеттерін меңгеруіне және қолдануына ынталандырады.

Балалардың ХХІ ғасырдың негізгі дағдыларын қалыптастыру: педагогтер мектепалды жастағы балалардың қарым-қатынас жасау, шығармашылық, ынтымақтастық, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын және үздіксіз оқуға дайындық қабілеттерін дамытуға дайын болуы тиіс.

Мемлекеттік және әлемдік тенденциялармен байланысы:

Мектепалды сыныптар (топтар) педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың заманауи мемлекеттік және әлемдік үрдістерімен тығыз байланыста әзірленген. Қазақстан Республикасының маңызды мемлекеттік басымдықтары мектепалды білім беру сапасын қамтамасыз ету, білім мазмұнын жаңарту, оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық тәсілдерді енгізу, білім беруді белсенді цифрландыру және инклюзивті білім беруді тиімді енгізу үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Халықаралық деңгейде балаларды ерте дамытуға, заманауи педагогикалық технологияларды қолдануға, сын тұрғысынан ойлау мен коммуникативтік дағдыларды оқытудың бастапқы кезеңдерінен дамытуға, сондай-ақ барлық балалар үшін тең білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін инклюзивті практикаларды енгізуге ерекше назар аударылады.

Ұсынылып отырған бағдарлама аталған үрдістерге толық сәйкес келеді, мектепалды білім беруді ұйымдастырудағы әлемдік тәжірибені көрсетеді, сонымен қатар қазақстандық педагогтердің заманауи қоғам талаптарына жауап беретін сапалы білім беру процесін жүзеге асыруына мүмкіндік беретін өзекті тәсілдер мен әдістемелерді біріктіреді. Бұл өз кезегінде

балалардың табысты әлеуметтенуіне және мектепте оқуға дайындалуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатына сәйкестігі: Бағдарлама білім беру мазмұнын жаңарту, педагогтердің біліктілігін арттыру және балаларды мектепалды дайындау жүйесін дамыту бойынша мемлекеттік басымдықтарға толық сәйкес келеді. Білім беруді цифрландыруды жүзеге асыру: Бағдарламада цифрлық білім беру ресурстарын белсенді пайдалану қарастырылған, бұл Қазақстанның білім беру жүйесін цифрландыру бойынша басымдықтарына және осы саладағы әлемдік тенденцияларға сәйкес келеді.

Инклюзивті білім беруді ілгерілету: Бағдарлама Қазақстанның барлық балаларға, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға сапалы білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік және халықаралық міндеттемелерін толық көрсетеді.

XXI ғасыр дағдыларын дамыту: Бағдарламада сын тұрғысынан ойлау, жобалау және интерактивті оқыту сияқты инновациялық технологияларды пайдалану қарастырылған, бұл әлемдік білім беру үрдістеріне сәйкес келеді және оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді.

Халықаралық стандарттарға және үздік тәжірибелерге сәйкестік: Бағдарлама негізіне халықаралық білім беру практикасында табысты қолданылатын және қазақстандық білім беру контексіне бейімделген заманауи педагогикалық технологиялар мен әдістемелер салынған.

Осы білім беру бағдарламасы білім беру ұйымдарының мектепалды сыныптарының (топтарының) педагог қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарды анықтайды, оның ішінде заманауи нормативтік-құқықтық құжаттарды білу және қолдану, психологиялық-педагогикалық білімдерді және инновациялық білім беру технологияларын меңгеру, сондай-ақ инклюзивті білім беру үрдісін ұйымдастыру, ата-аналармен тиімді өзара іс-қимыл жасау және балалардың келесі мектепте білім алуға табысты бейімделуіне жағдай жасау бойынша құзыреттіліктерді қамтиды.

2.Глосарий

Мектепалды білім беру – 5-6 жастағы балаларды бастауыш мектепте білім алуға дайындауға бағытталған білім беру үдерісінің кезеңі.

Инклюзивті білім беру – барлық балалардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың да білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін білім беру үдерісін ұйымдастыру.

Нормативтік-құқықтық актілер – мектепалды сыныптарының қызметін реттейтін білім беру ұйымдарының ресми құжаттары.

Жеке-дара сараланған тәсіл – балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру мен тәрбиелеуді ұйымдастыру әдісі.

Ойын технологиялары – балалардың ойын әрекетін ұйымдастыруға негізделген оқыту және тәрбиелеу әдісі.

Интерактивті әдістер – білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының белсенді өзара әрекеттесуін көздейтін оқыту әдістері.

Сын тұрғысынан ойлау – баланың ақпаратты талдау, қорытынды жасау және негізделген шешімдер қабылдау қабілеті.

Шығармашылық ойлау – баланың жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелерді шешуде стандартты емес шешімдерді іздеу қабілеті.

Цифрлық білім беру ресурстары – балаларды оқытуда пайдаланылатын, цифрлық форматта ұсынылған білім беру материалдары мен құралдары.

Жобалық қызмет – жобаларды іске асыру арқылы білім беру үдерісін ұйымдастыру, балалардың практикалық тәжірибе негізінде білім мен дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік береді.

Сторителлинг (әңгімелеу әдісі) – әңгімелер мен ертегілер айту арқылы балалардың сөйлеу және қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдісі.

Қарапайым математикалық түсініктер – мектепалды жастағы балаларда қалыптасатын математика бойынша бастапқы білім мен дағдылар.

Танымдық белсенділік – балалардың бақылау, тәжірибелер мен эксперименттер арқылы қоршаған әлемді өз бетінше зерттеуге деген ұмтылысы мен қабілеті.

Мәдени-бос уақыт қызметі – балалардың мәдени және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыру.

Жаратылыстану сауаттылығы – балалардың қарапайым практикалық міндеттерді шешу және қоршаған әлемді түсіну үшін жаратылыстану білімдерін қолдану қабілеті.

Экологиялық мәдениет – балалардың табиғат пен қоршаған ортаға ұқыпты қарауын қалыптастыратын білім, дағды және құндылықтар жүйесі.

Білім беру нәтижелерін мониторингілеу – балалардың білім беру үдерісіндегі жетістіктерін жүйелі бақылау және бағалау үдерісі.

Бейімделу (адаптация) – баланың білім беру ортасының жаңа жағдайларына үйренуі және оқуды бастаумен байланысты қиындықтарды жеңу үдерісі.

Әлеуметтену (социализация) – балалардың құрдастары тобында және жалпы қоғамда әлеуметтік нормалар мен мінез-құлық ережелерін игеру үдерісі.

Авторлық білім беру жобасы – педагогтың кәсіби құзыреттілігін көрсететін және нақты білім беру міндеттерін шешуге бағытталған жеке әзірленген әдістеме, бағдарлама немесе сабақ.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Бағдарламаның жаңашылдығы:

Кешенді тәсіл – мектепалды сыныптар педагогтерінің біліктілігін арттыру аясында алғаш рет нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, психологиялық-педагогикалық аспектілер және заманауи білім беру технологияларының мәселелері біртұтас интеграцияланған түрде ұсынылып, олардың практикалық іске асырылуына ерекше назар аударылады.

Инклюзивті білім беруге бағдарлану – бағдарламада ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру үдерісін ұйымдастырудың әдістері мен құралдары жан-жақты қарастырылған.

Цифрландыру және инновациялық технологиялар – мектепалды сыныптарында бұған дейін жаппай қолданылмаған цифрлық білім беру ресурстары, виртуалды және интерактивті оқыту әдістерін белсенді түрде енгізу көзделеді.

Практикалық бағыттылық және авторлық жобалар – бағдарлама қатысушылары нақты педагогикалық тәжірибеге тікелей енгізуге бағытталған өздерінің авторлық білім беру жобаларын әзірлеуге және ұсынуға мүмкіндік алады.

XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыруға бағдарлану – балалардың сын тұрғысынан ойлау, қарым-қатынас жасау, креативтілік және танымдық белсенділігін дамытуға ерекше көңіл бөлініп, ойын және жобалық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады, бұл білім берудегі өзекті халықаралық үрдістерге сай келеді.

Білім беру жүйесіндегі аналогтардың бар-жоғына талдау:

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі мектепалды сыныптар (топтар) педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларына жүргізілген талдау нәтижесінде мынадай қорытындылар жасалды:

Кешенді тәсілдің шектеулілігі – қолданыстағы бағдарламалардың көпшілігі мектепалды білім берудің жекелеген аспектілеріне ғана (мысалы, тек нормативтік құжаттар немесе жекелеген әдістемелер) бағытталған. Ал ұсынылып отырған бағдарлама білім беру үдерісін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық және технологиялық аспектілерін кешенді түрде қамтиды.

Мектепалды топтардағы инклюзивті білім беру бойынша мамандандырылған бағдарламалардың жоқтығы – мектепалды білім беру педагогтерінің біліктілігін арттыру жүйесінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасаудың әдістемелік сүйемелденуі айқын көрсетілген, нақты инклюзивті білім беру мәселелеріне баса назар аударатын ұқсас бағдарламалар іс жүзінде жоқ.

Цифрлық технологиялар мен заманауи әдістердің әлсіз қамтылуы – қолданыстағы бағдарламалардың көпшілігі цифрландыру және инновациялық технологияларды тек ішінара ғана қамтиды және оларды мектепалды сыныптарда жүйелі қолдануға арналған кешенді тәсілді ұсынбайды. Ұсынылған бағдарлама цифрлық білім беру ресурстары мен интерактивті оқыту әдістерін толыққанды интеграциялайды.

Практикалық бағыттылығы жағынан аналогтардың болмауы – бұрынғы бағдарламалар сирек жағдайда ғана педагогтерге авторлық білім беру жобаларын жасап, қорғауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама практикалық бағыттылығымен ерекшеленіп, педагогтердің білім беру үдерісіне инновацияларды белсенді түрде енгізуіне жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің бағдарламаға

қажеттілігі:

Мектепалды даярлықтың міндетті түрде енгізілуі – мектепалды даярлықты іске асыру қазіргі заманғы білім беру стандарттары мен нормативтік талаптарға сәйкес білім беру үрдісін тиімді ұйымдастыра алатын білікті педагогтердің болуын талап етеді.

Инклюзивті білім берудің кеңеюі – мектепалды даярлықтың жалпы топтарына интеграцияланатын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының артуы инклюзивті білім берудің арнайы әдістемелері мен технологияларын меңгерген педагогтерге деген сұранысты қалыптастырады.

Цифрлық және инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу қажеттілігі – Қазақстанның білім беру жүйесі қарқынды цифрландырылуда, осыған орай заманауи цифрлық құралдар мен инновациялық оқыту тәсілдерін жетік меңгерген педагогтерге деген өткір қажеттілік туындауда.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру – мектепалды сынып (топ) педагогтерінің біліктілігін жүйелі түрде жаңарту мен арттыруға деген сұраныс өзекті білім беру талаптарына сәйкес келетін жаңа бағдарламаларды әзірлеуді және іске асыруды талап етеді.

Мектепалды жастағы балалардың негізгі дағдыларын қалыптастыру – қазіргі заманғы білім беру жағдайы сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық қабілет, коммуникативтік және зерттеушілік дағдылар, сондай-ақ экологиялық сана сияқты ХХІ ғасырдың негізгі құзыреттіліктерін балаларда дамыта алатын педагогтердің болуын қажет етеді.

Бағдарлама 5 модульден тұрады:

Модуль 1. Мектепалды білім беруді ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық және әдістемелік негіздері	1.1 Қазақстан Республикасының мектепалды сыныптар (топтар) қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілері.
	1.2 Мектепалды сыныптардағы білім беру қызметінің мақсаттары, міндеттері және мазмұны.
	1.3 Мектепалды топтардағы инклюзивті білім берудің нормативтік және әдістемелік негіздері.
Модуль 2. Мектепалды жастағы балалармен жұмыстың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	2.1 Мектепалды жастағы балалардың психологиялық даму ерекшеліктері.
	2.2 Оқыту мен тәрбиелеуде жеке-дара және сараланған тәсілді қолдану.
	2.3 Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмысты ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.
Модуль 3. Мектепалды білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар және инновациялық әдістемелер	3.1 Мектепалды жастағы балалармен жұмыста ойын технологияларын қолдану.
	3.2 Балаларды білім беру үрдісіне тартудың интерактивті әдістері..
	3.3 Мектепалды жастағы балалардың сыни және шығармашылық ойлауын дамыту.
	3.4 Білім беру қызметін ұйымдастыруда цифрлық

		білім беру ресурстарын пайдалану..
		3.5 Мектепалды топтарда жобалық қызметті ұйымдастыру әдістемесі.
		3.6 Мектепалды жастағы балалардың сөйлеу және коммуникативтік дамуындағы заманауи технологиялар..
		3.7 Сторителлинг балалардың танымдық және коммуникативтік дағдыларын дамыту әдісі ретінде.
		3.8 Мектепалды жастағы балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру әдістемелері..
		3.9 Қарапайым тәжірибелер мен бақылаулар арқылы танымдық белсенділікті дамыту.
		3.10 Мектепалды сыныптарда мәдени-тынығу және сыныптан тыс қызметті ұйымдастыру.
Модуль 4. Балалардың жаратылыстану сауаттылығы экологиялық мәдениетін қалыптастыру	мен	4.1 Педагогтердің ата-аналармен тиімді өзара іс-әрекетін ұйымдастыру.
	4.2 Отбасыларды білім беру процессіне тарту.	
	4.3 Білім беру нәтижелерін мониторингілеу және білім беру үрдісінің сапасын бағалау.	
	4.4 Мектепалды сыныптарда мәдени-тынығу қызметін ұйымдастыру.	
	4.5 Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың мектепалды топтарда бейімделуі мен әлеуметтенуінің әдістері мен технологиялары.	
Модуль 5. Қорытынды модуль: авторлық жобаны әзірлеу және таныстыру		5.1 Авторлық білім беру жобасын (әдістеме, бағдарлама, сабақ) әзірлеу және рәсімдеу.
		5.2 Курс қатысушыларының авторлық білім беру жобаларын көпшілік алдында қорғау, сараптамалық талқылау және рефлексиялау.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты- мектепалды сыныптар (топтар) педагогтерінің заманауи тәсілдерді, инновациялық технологиялар мен оқыту әдістемелерін, соның ішінде инклюзивті білім беру үрдісін ұйымдастыруды қолдану саласындағы кәсіби құзыреттіліктерін арттыру, мектепалды білім берудің сапасын қамтамасыз ету және балалардың мектепте білім алуға тиімді дайындалуы үшін оңтайлы жағдай жасауға бағытталған..

Бағдарламаның міндеттері

Мектепалды сыныптар (топтар) педагогтерін мектепалды білім беру үрдісін, соның ішінде инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық және әдістемелік негіздерімен таныстыру.

Мектепалды жастағы балалардың психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктерін және ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс

жасаудың өзіндік тәсілдерін ашып көрсету.

Мектепалды жастағы балалардың сыни, шығармашылық және коммуникативтік ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ететін заманауи білім беру технологиялары мен инновациялық педагогикалық әдістемелерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын қолдану, сондай-ақ білім беру үдерісінде жобалық, ойын және зерттеу қызметін ұйымдастыру бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

Педагогтерді мектепалды жастағы балалардың жаратылыстану сауаттылығын, экологиялық мәдениетін және әлеуметтік бейімделуін қалыптастырудың тиімді құралдары мен әдістерімен қамтамасыз ету.

Педагогтерді ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесуге, отбасын білім беру үдерісіне тартуға және бірлескен мәдени-сауықтыру қызметін ұйымдастыруға дайындау.

Педагогтердің алған білімдері мен дағдыларын тәжірибеде қолдануға бағытталған авторлық білім беру жобаларын жобалау, әзірлеу және қорғау дағдыларын дамытуға жәрдемдесу.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Қазақстан Республикасының мектепалды сыныптарында (топтарында) білім беру үдерісін ұйымдастыру, соның ішінде инклюзивті білім беруге қатысты нормативтік-құқықтық базасын білу.

Мектепалды жастағы балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескеру және балалармен, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен тиімді жеке-дифференциалды жұмысты ұйымдастыру.

Балалардың сыни, шығармашылық және коммуникативтік ойлау қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған заманауи білім беру технологияларын, интерактивті және ойын әдістерін педагогикалық тәжірибеде белсенді қолдану.

Цифрлық білім беру ресурстарын қолданып, мектепалды топтарында жобалық, зерттеушілік және танымдық қызметті тиімді ұйымдастыру.

Мектепалды жастағы балалардың жаратылыстану сауаттылығын, экологиялық мәдениетін және әлеуметтік бейімделуін қалыптастыруға бағытталған білім беру іс-шараларын жүзеге асыру.

Ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесіп, отбасын бірлескен білім беру және мәдени-сауықтыру қызметіне тарту.

Мектепалды білім беру жағдайында инновациялық қызметке кәсіби құзыреттілік пен дайындықты көрсететін жеке авторлық жобалар мен әдістемелік материалдарды әзірлеу, рәсімдеу және қорғау.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Модуль 1. Мектепалды білім беруді ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық және әдістемелік негіздері

Мақсаты -педагогтердің мектепалды білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша нормативтік-құқықтық және әдістемелік білімдерін қалыптастыру
--

және жетілдіру, сонымен қатар инклюзивті білім беру саласында кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.	
Міндеттері: Педагогтердің мектепалды білім беру саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер туралы білімдерін кеңейту және тереңдету. Мектепалды сыныптардағы білім беру қызметінің мақсаттарын, міндеттерін және мазмұнын педагогтердің жан-жақты түсінуін қамтамасыз ету. Мектепалды топтарда инклюзивті білім берудің нормативтік және әдістемелік негіздерін меңгерту, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен тиімді жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	Күтілетін нәтижесі: Мектепалды білім беру үдерісін ұйымдастыруға қатысты нормативтік-құқықтық актілерді нақты біледі және тәжірибеде тиімді қолданады. Мектепалды сыныптарда білім беру қызметінің мақсаттарын, міндеттерін және мазмұнын түсініп, оларды педагогикалық қызметте сауатты жүзеге асырады. Мектепалды топтарда инклюзивті білім берудің нормативтік және әдістемелік негіздерін меңгеріп, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеудің кәсіби әдіс-тәсілдерін қолдануға қабілетті.

1.1 Қазақстан Республикасының мектепалды сыныптар (топтар) қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілері

Бұл тақырып бойынша Қазақстан Республикасының мектепалды сыныптарында (топтарында) білім беру қызметін реттейтін негізгі заңдар мен нормативтік құжаттар талданады. Оның ішінде:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС);

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мектепалды білім беруді ұйымдастыруға қатысты бұйрықтары мен нұсқаулықтары;

Мектепалды білім берудің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары;

Баланың құқықтары туралы халықаралық конвенциялар мен Қазақстан Республикасының оларға қатысы.

1.2 Мектепалды сыныптардағы білім беру қызметінің мақсаттары, міндеттері және мазмұны

Бұл тақырып педагогтердің мектепалды білім берудің мақсаттары мен міндеттерін нақты түсінуін қамтамасыз етеді. Педагогтермен бірге:

Мектепалды білім берудің негізгі мақсаттары мен міндеттері талқыланады;

Балалардың мектепке психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік дайындығын қамтамасыз ету мәселелері қарастырылады;

Мектепалды білім беру мазмұнын анықтайтын негізгі қағидаттар мен әдістемелік тәсілдер таныстырылады;

Білім беру мазмұнындағы пәндік салалар (тілдік даму, математикалық түсініктерді қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру, шығармашылық пен эстетикалық тәрбие беру) бойынша білім беру мазмұнының ерекшеліктері айқындалады.

1.3 Мектепалды топтардағы инклюзивті білім берудің нормативтік және әдістемелік негіздері

Бұл тақырыпта инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың негізгі нормативтік-құқықтық және әдістемелік аспектілері қарастырылады. Оның ішінде:

Инклюзивті білім беруге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен нұсқаулықтары;

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қағидалары;

Инклюзивті топтардағы білім беру ортасын ұйымдастыруға қойылатын талаптар;

Әдістемелік ұсыныстар мен оқу бағдарламаларының ерекшеліктері;

Педагогтердің инклюзивті топтардағы кәсіби құзыреттіліктерін дамыту әдістері мен жолдары қарастырылады.

Модуль 2. Мектепалды жастағы балалармен жұмыстың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері

Мақсаты-педагогтердің мектепалды жастағы балалардың психологиялық даму ерекшеліктері туралы білімдерін тереңдету, жеке-дара және сараланған тәсілдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен психологиялық-педагогикалық жұмысты ұйымдастырудың тиімді әдістерін меңгерту.

Міндеттері: Мектепалды жастағы балалардың психологиялық даму ерекшеліктері туралы педагогтердің білімін жетілдіру. Балаларды оқыту және тәрбиелеуде жеке-дара және сараланған тәсілдерді қолданудың әдістемелік негіздерін түсіндіру. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмысты психологиялық-педагогикалық тұрғыдан ұйымдастыру ерекшеліктерін игерту.	Күтілетін нәтижелері: Мектепалды жастағы балалардың жас ерекшеліктерін, психологиялық даму заңдылықтарын терең түсінеді және оларды педагогикалық қызметінде ескереді; Оқыту мен тәрбие үдерісінде балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеріп, сараланған тәсілдерді тиімді қолдана алады; Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыс жүргізуде кәсіби дағдыларды меңгеріп, инклюзивті білім беру жағдайында қолдау көрсете алады.
---	--

2.1. Мектепалды жастағы балалардың психологиялық даму ерекшеліктері Бұл тақырып аясында педагогтер мектепалды жасындағы

балалардың негізгі психологиялық даму ерекшеліктерімен танысады. Атап айтқанда:

Балалардың танымдық (ойлау, зейін, есте сақтау, қабылдау), эмоционалды және әлеуметтік даму ерекшеліктері қарастырылады;

Мектепалды кезеңдегі баланың ойын әрекеті, қарым-қатынас дағдылары, өзін-өзі бағалау және тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу кезеңдері түсіндіріледі;

Балалардың психологиялық дамуын диагностикалау мен бақылаудың заманауи әдістері таныстырылады.

2.2. Оқыту мен тәрбиелеуде жеке-дара және сараланған тәсілді қолдану

Бұл тақырыпта педагогтер оқыту мен тәрбие барысында жеке-дара және сараланған тәсілдерді қолдану әдістерін меңгереді:

Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу және тәрбие үдерісін саралау қажеттілігі қарастырылады;

Баланың қызығушылықтары, қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдері талданады;

Педагогтердің балалармен жеке жұмыс жүргізу және шағын топтарда жұмысты ұйымдастыру дағдылары қалыптастырылады.

2.3. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмысты ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері

Бұл тақырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен психологиялық-педагогикалық жұмысты ұйымдастыруға арналады:

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық даму ерекшеліктері қарастырылады (мысалы: сөйлеу тілі дамуының бұзылыстары, аутистік спектр бұзылыстары, зейін тапшылығы синдромы, мінез-құлық бұзылыстары және т.б.);

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдау, оқыту мен тәрбиелеудің арнайы әдіс-тәсілдері мен стратегиялары түсіндіріледі;

Педагогтер ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім беру үдерісіне бейімделуін қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін ұйымдастыруды үйренеді.

Модуль қорытындысында педагогтер мектепалды жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін тиімді ескере отырып, сараланған оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсете алатын кәсіби құзыреттілікке ие болады.

Модуль 3. Мектепалды білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар және инновациялық әдістемелер

Модуль мақсаты-педагогтердің мектепалды білім беру процесінде заманауи педагогикалық технологиялар мен инновациялық әдістемелерді тиімді қолдану бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, балалардың танымдық қызығушылығын, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасау.

Міндеттері:

Күтілетін нәтижелер:

Мектепалды жастағы балалардың танымдық, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін дамытуда заманауи педагогикалық технологиялардың рөлін ашып көрсету; Ойын технологияларын, интерактивті және жобалық әдістерді қолданудың практикалық тәсілдерін игерту; Балалардың сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту жолдарын меңгерту; Цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктерімен таныстыру және оларды тиімді қолдануды үйрету; Сөйлеу және коммуникативтік қабілеттерді дамыту бойынша заманауи әдістемелерді меңгерту; Балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастырудың тиімді әдістерімен таныстыру; Мектепалды топтарда мәдени-тынығу және сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін көрсету.	Балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, мектепалды топтарда заманауи педагогикалық технологияларды қолдана алады; Ойын технологиялары мен интерактивті әдістерді оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалана алады; Балалардың сыни, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту бойынша нақты практикалық дағдыларды игереді; Цифрлық ресурстар мен білім беру платформаларын белсенді қолдану арқылы оқу үдерісін заманауи талаптарға сай ұйымдастыра алады; Балалардың қарапайым математикалық түсініктері мен ғылыми танымдық белсенділігін дамыту әдістемелерін меңгереді; Мектепалды топтарда мәдени-тынығу және сыныптан тыс іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша кәсіби құзыреттілікке ие болады.
---	---

3.1. Мектепалды жастағы балалармен жұмыста ойын технологияларын қолдану

Бұл тақырыпта ойын технологияларының түрлері, оларды оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолдану әдістері қарастырылады. Педагогтер ойын арқылы баланың танымдық қызығушылығын, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын ынталандыру тәсілдерімен танысады.

3.2. Балаларды білім беру үрдісіне тартудың интерактивті әдістері

Бұл тақырып интерактивті әдістерді, оның ішінде топтық жұмыстарды, пікірталастарды, практикалық жаттығуларды қолдану арқылы балалардың белсенділігін арттыру және олардың оқу үрдісіне қызығушылығын арттыру тәсілдерін қамтиды.

3.3. Мектепалды жастағы балалардың сыни және шығармашылық ойлауын дамыту

Бұл тақырыпта педагогтер балалардың сыни ойлауын дамытуға арналған жаттығулар, проблемалық сұрақтар қою әдістерімен танысады. Балалардың шығармашылық потенциалын ашуға көмектесетін әдістер мен тәсілдер талқыланады.

3.4. Білім беру қызметін ұйымдастыруда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану

Цифрлық білім беру ресурстарын, интерактивті платформаларды (мысалы, LearningApps, BilimLand және т.б.) пайдалану мүмкіндіктері және оларды мектепалды топтарда қолдану әдістемелері қарастырылады.

3.5. Мектепалды топтарда жобалық қызметті ұйымдастыру әдістемесі

Бұл тақырыпта педагогтер мектепалды жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін шағын жобаларды ұйымдастыру, балалардың зерттеу дағдыларын дамыту және жобалық жұмыстарды қорғау әдістерін меңгереді.

3.6. Мектепалды жастағы балалардың сөйлеу және коммуникативтік дамуындағы заманауи технологиялар

Бұл тақырыпта сөйлеу қабілетін дамытуға арналған заманауи әдістер (мысалы, мнемотехника, логоритмика, сөздік қорды байыту жаттығулары) талқыланып, педагогтер нақты әдістемелік ұсыныстар алады.

3.7. Сторителлинг балалардың танымдық және коммуникативтік дағдыларын дамыту әдісі ретінде

Бұл тақырыпта педагогтер сторителлинг әдісін қолдану арқылы балалардың сөйлеу, тындау, әңгімелеу дағдыларын дамыту жолдарын үйренеді. Сторителлингті тиімді пайдаланудың әдістемелік ұсыныстары беріледі.

3.8. Мектепалды жастағы балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру әдістемелері

Педагогтер балалардың қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру үшін тиімді әдіс-тәсілдермен (мысалы, дидактикалық ойындар, практикалық жаттығулар, логикалық тапсырмалар) танысады.

3.9. Қарапайым тәжірибелер мен бақылаулар арқылы танымдық белсенділікті дамыту

Балалардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында қарапайым тәжірибелер, бақылаулар ұйымдастыру әдістері мен тәсілдері көрсетіледі.

3.10. Мектепалды сыныптарда мәдени-тынығу және сыныптан тыс қызметті ұйымдастыру

Бұл тақырыпта мәдени-тынығу және сыныптан тыс іс-шараларды жоспарлау, ұйымдастыру әдістері, оның ішінде мерекелік іс-шаралар, экскурсиялар, театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру бойынша нақты әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Модуль 4. Балалардың жаратылыстану сауаттылығы мен экологиялық мәдениетін қалыптастыру

Модульдің мақсаты – педагогтердің мектепалды топтарда балалардың жаратылыстану сауаттылығы мен экологиялық мәдениетін дамыту бойынша кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың бейімделуі мен әлеуметтенуі үшін қолайлы жағдай жасау..	
Міндеті: Педагогтердің ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату әдістерін меңгерту; Отбасыларды мектепалды білім беру үрдісіне белсенді тартудың тиімді әдістерін көрсету; Балалардың білім алу нәтижелерін мониторингілеу және білім беру сапасын бағалау технологияларын үйрету; Мектепалды топтарда мәдени-тынығу қызметін ұйымдастырудың тәсілдерімен таныстыру; Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың әлеуметтік бейімделуі мен әлеуметтенуі үшін қажетті заманауи технологияларды меңгерту.	Күтілетін нәтижелер: Ата-аналармен педагогикалық қарым-қатынасты тиімді құру дағдыларын игереді; Отбасыларды білім беру үрдісіне тарту бойынша нақты әдістемелік құралдарды меңгереді; Білім беру нәтижелерін жүйелі мониторингілеу мен бағалауды тиімді жүзеге асыра алады; Мектепалды сыныптарда мәдени-тынығу іс-шараларын ұйымдастыруға қажетті практикалық дағдыларды игереді; Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың бейімделуі мен әлеуметтенуіне қолдау көрсетуге қажетті әдіс-тәсілдерді тиімді қолданады.

4.1. Педагогтердің ата-аналармен тиімді өзара іс-әрекетін ұйымдастыру

Бұл тақырыпта педагогтер ата-аналармен қарым-қатынас орнатудың әдістерін меңгереді: ата-аналар жиналыстарын ұйымдастыру, жеке әңгімелесулер жүргізу, ата-аналармен бірлескен шаралар өткізу тәсілдері мен педагогикалық жағдайларды талқылау әдістері қарастырылады.

4.2. Отбасыларды білім беру процесіне тарту

Педагогтер отбасыларды білім беру процесіне тарту бойынша нақты практикалық ұсыныстар алады. Ата-аналардың білім беру іс-шараларына қатысу формалары, отбасылық жобалар мен шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыру әдістерімен танысады.

4.3. Білім беру нәтижелерін мониторингілеу және білім беру үрдісінің сапасын бағалау

Бұл тақырыпта білім беру нәтижелерін бақылау және бағалау әдістері, балалардың даму деңгейін анықтайтын құралдар (портфолио, чек-парақтар, бақылау парақтары) мен бағалау көрсеткіштері қарастырылады.

4.4. Мектепалды сыныптарда мәдени-тынығу қызметін ұйымдастыру

Педагогтер мектепалды сыныптарда мәдени-тынығу іс-шараларын жоспарлау мен өткізудің ерекшеліктерімен танысады: мерекелік іс-шаралар,

қойылымдар, шығармашылық кештер мен экскурсияларды ұйымдастырудың практикалық әдістерін меңгереді.

4.5. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың мектепалды топтарда бейімделуі мен әлеуметтенуінің әдістері мен технологиялары

Бұл тақырыпта педагогтер ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың бейімделуін жеңілдететін әдістер мен технологияларды меңгереді. Инклюзивті білім берудің әдістемелік негіздері, балалардың жеке қажеттіліктерін ескеру, психологиялық қолдау көрсету және топта тиімді өзара әрекеттесу үшін жағдайлар жасау жолдары талқыланады.

Модуль нәтижесінде педагогтер ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнатуға, отбасыларды білім беру процесіне белсенді тартуға, білім беру сапасын бағалауға және ерекше қажеттілігі бар балалардың бейімделуі мен әлеуметтенуіне қолдау көрсетуге қажетті кәсіби біліктіліктерді игереді.

Модуль 5. Қорытынды модуль: авторлық жобаны әзірлеу және таныстыру

Модульдің мақсаты- курс қатысушыларының мектепалды білім беруді ұйымдастыру саласындағы кәсіби құзыреттіліктерін бекіту, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдануға бағытталған авторлық білім беру жобаларын әзірлеуге, рәсімдеуге және қорғауға дайындау..	
Міндеттері: Педагогтерге авторлық білім беру жобаларын әзірлеу мен рәсімдеудің талаптарын түсіндіру; Инновациялық технологиялар мен заманауи әдістемелерді пайдалана отырып, жобалық жұмысты ұйымдастыруға үйрету; Әзірленген білім беру жобаларын көпшілік алдында тиімді қорғау дағдыларын қалыптастыру; Сараптамалық талқылау арқылы кәсіби рефлексиялау және педагогикалық шеберлікті арттыруға жағдай жасау.	Міндеті: Мектепалды білім беру саласында өзекті және инновациялық жобаларды әзірлей алады; Өз жобаларын заманауи талаптарға сәйкес рәсімдеуді меңгереді; Әдістемелік, бағдарламалық немесе практикалық сабақ түріндегі жобаларды кәсіби тұрғыда көпшілік алдында қорғай алады; Жобалар бойынша сараптамалық талқылау жүргізуге, кәсіби тұрғыда рефлексиялауға және ұсынылған пікірлер негізінде жобаларын жетілдіруге қабілетті болады.

5.1 Авторлық білім беру жобасын (әдістеме, бағдарлама, сабақ) әзірлеу және рәсімдеу

Бұл тақырып шеңберінде педагогтер мектепалды білім беруге қатысты өздерінің авторлық білім беру жобаларын әзірлеуге бағытталған әдістемелік ұсынымдармен танысады. Жобаларды рәсімдеудің талаптары мен ережелері талқыланады: жобаның құрылымы, мақсаттары, міндеттері, әдістемелік

негіздемесі, қолданылатын инновациялық технологиялар мен ресурстардың сипаттамасы, күтілетін нәтижелер және тиімділікті бағалау критерийлері қамтылады.

5.2 Курс қатысушыларының авторлық білім беру жобаларын көпшілік алдында қорғау, сараптамалық талқылау және рефлексиялау

Бұл кезеңде педагогтер әзірлеген жобаларын таныстырып, көпшілік алдында қорғайды. Қатысушылар өз жобаларының мазмұнын, жаңашылдығын, практикалық маңыздылығын және қолданылған педагогикалық технологияларды түсіндіріп береді. Жобаларды сараптамалық талқылау барысында қатысушылар мен сарапшылар өз пікірлерін айтып, ұсыныстар береді. Жоба авторлары өз жұмыстарын талқылаудан кейін рефлексиялап, оларды жетілдірудің жолдарын анықтайды.

